

Мақұлданды
«Standard Life» ӨСК» АҚ
Басқармасының шешімімен
(отырыс хаттамасы
16.04.2025 жылғы №14)

Бекітілген
«Standard Life» ӨСК» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(отырыс хаттамасы
17.04.2025 жылғы №09)

AQYL Keleshek өмірді мемлекеттік білім беру жинақтаушы сақтандыру ЕРЕЖЕСІ

Бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізілді

Алматы, 2025

Мазмұны

1 тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	3
2 тарау. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР.....	3
3 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	6
4 тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	6
5 тарау. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІ, САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ШАРТ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫН) ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	7
7 тарау. МЕМЛЕКЕТ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ.....	9
8 тарау. БАСТАПҚЫ БІЛІМ БЕРУ КАПИТАЛЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ.....	10
9 тарау. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН.....	11
10 тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ.....	16
11 тарау. ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛУ СОМАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	18
12 тарау. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ШАРТТАРЫ	20
13 тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	22
14 тарау. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	22
15 тарау. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	22
16 тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	23
17 тарау. ҚОСЫМША ШАРТТАР	23

1 тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. Осы Өмірді мемлекеттік білім беру жинақтаушы сақтандыру ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы «AQYL Keleshek» сақтандыру бағдарламасы бойынша білім беру жинақтаушы сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) тек жеке тұлғалармен жасасады.

2. Сұрау салу бойынша Сақтандыру ережесінің көшірмесі Шарт жасасу кезінде клиентке беріледі (жіберіледі), Ереже Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Қатысушы-сақтандыру ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру сақтандырудың кепілді түрлеріне жатады.

2 тарау. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

4. Осы Ережеде мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) **Сақтандырушы / Қатысушы-сақтандыру ұйымы** – Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

2) **Сақтанушы** – Пайда алушының ата-анасы немесе өзге жақын туысы, заңды өкілі болып табылатын және Қатысушы-сақтандыру ұйымымен Сақтандыру шартын жасасқан тұлға («Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» ҚР Заңына сәйкес сақтанушы сақтандырушы болып табылады). Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті аяқталған кездегі жасы 70 жастан аспауға тиіс;

3) **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

4) **Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты/шарт)** – өмірді жинақтаушы сақтандыру шарты, оған сәйкес бірінші Тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші Тарап (қатысушы-сақтандыру ұйымы) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде есептелген, оның ішінде есептелген инвестициялық кірісті негізге ала отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді;

5) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

6) **Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары)** – Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

7) **Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі (бұдан әрі – сақтандыру төлемі)** – сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), бастапқы білім беру капиталын, инвестициялық табысты, мемлекет сыйлықақыларын қоса алғанда, сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде не сақтандыру шартында айқындалған мерзім басталған кезде пайдасына

сақтандыру шарты жасалған Пайда алушының білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін Сақтандырушымен төленетін сақтандыру шартында көзделген ақша сомасы;

8) **Сатып алу сомасы** – Сақтанушының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде алуға құқығы бар ақша сомасы;

9) **Сақтандыру жағдайы** – Сақтандыру шартының басталуымен Сақтандыру шартының ережелері мен талаптарында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

10) **Сақтандыру арқылы қорғау** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша Сақтандырушының міндеттемелерінің жиынтығы;

11) **Сақтандыру жылы** – сақтандыру шартына қол қойылған күннен (сақтандырудың бірінші жылы) немесе сақтандыру шартының жылдығынан (сақтандырудың кейінгі жылдары) басталатын он екі айлық кезең;

12) **Сақтандыру шартының қолданылу жылдығы** – күні мен айы Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келетін әрбір жылдың күні Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;

13) **Кейінге қалдыру кезеңі** – Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын кезең. Кейінге қалдыру мерзімі осындай сақтандыру сыйлықақысы мерзімі өткен деп есептелген күннен басталады, яғни Сақтанушы келесі сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндетті болған күннен бастап;

14) **Мемлекет сыйлықақысы** – білім беру жинақтау салымының нақты жинақталған қалдығына және Сақтандыру шарты бойынша есептік сомаға бюджет қаражаты есебінен жыл сайын белгіленген мерзімде төленетін ақша;

15) **Эскроу-шот** – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде Сақтандырушы Пайда алушының атына осы тұлғаның банктік шот бойынша шығыс операцияларын жасау құқығын шектей отырып, Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына шарттық негізде келіп түскен кезде сақтандыру төлемін аударуды жүзеге асыру үшін ашатын банктік шот;

16) **Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі** – Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін және қатысушы банктердің халықтың салымдарын, қатысушы-сақтандыру ұйымдарының сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) тартуына және бастапқы білім беру капиталын есепке жазуға, сондай-ақ оларға тиісінше сыйақыларды, инвестициялық кірісті және мемлекет сыйлықақыларын есепке жазуға негізделген, білім беру қызметтеріне ақы төлеуге арналған ақшалай жинақтар жүйесі;

17) **Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор)** – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган мен білім беру саласындағы уәкілетті органның бірлескен шешімімен айқындалатын, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі қатысушыларының қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйым;

18) **Білім беру саласындағы уәкілетті орган** – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

19) **Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган** – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

20) **Сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасы** – сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру жарналары), бастапқы білім беру капиталы, инвестициялық кіріс, өткен кезеңдердегі есепке жазылған мемлекет сыйлықақылары ескеріліп, сақтандыру шарты бойынша қалыптасқан сақтандыру резерві негізге алына отырып айқындалатын мемлекет сыйлықақысын есептеу үшін қабылданатын сома;

21) **Білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарының бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – Бірыңғай тізілім)** - оператор бастапқы білім беру капиталын, мемлекет сыйлықақысын есептейтін білім беру жинақтаушы сақтандыру шарттарын тіркеудің бірыңғай базасы;

22) **Бастапқы білім беру капиталы** – салымшының білім беру жинақтау салымына немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша есептеу сомасына есепке жатқызылатын, бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлем;

23) **Білім беру қызметтері** – жеке адамның білім алу қажеттіліктерін іске асыруға және білім беру бағдарламаларын меңгеруге бағытталған көрсетілетін қызметтерді білім алушыға ұсыну жөніндегі қызмет;

24) **Қатысушы білім беру ұйымы** – Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және әрекет ететін, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператормен Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасқан заңды тұлға;

25) **Білім беру жинақтау сақтандыруы** – сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде, оның ішінде білім беру жинақтау сақтандыруы шартында белгіленген кезең өткеннен кейін, қайсысы бірінші басталатынына қарай, сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін, білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін қаражат жинақтау мақсатында жүзеге асырылатын өмірді жинақтау сақтандыруы;

26) **Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – ынтымақтастық туралы келісім)** – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін іске асыру шеңберінде оператор мен қатысушы банк, оператор мен қатысушы-сақтандыру ұйымы немесе оператор мен қатысушы білім беру ұйымы арасындағы олардың өзара іс-қимылының шарттары мен тәртібін белгілейтін келісім;

27) **Нысаналы жинақтау төлемдері** – нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтау алушыға, сондай-ақ мұрагерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін нысаналы жинақтау сомасы;

28) **Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтар (бұдан әрі – нысаналы жинақтар)** – нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотында есепті жылдың алдындағы он сегіз жыл үшін орташаланған, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық табысының және есепті жылдың алдындағы он сегіз жылы үшін орташаланған, жыл сайын осы сомаға есептелетін инвестициялық табыстың елу пайызы есебінен жинақталған ақша;

29) **Уәкілетті операторлар** – тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтау

төлемдерін есептеу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы;

30) **Заң** – «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-V Заңы.

3 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5. Шарттың мәні Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу, ал Қатысушы-сақтандыру ұйымының сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде Пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі болып табылады.

Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті аяқталғанға дейін өмір сүруіне, Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің белгіленуіне немесе қайтыс болуына байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

4 тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

6. Шарт жазбаша нысанда мынадай жолмен жасалады:

1) тараптардың Шарт жасасуы;

2) Сақтанушының Шарт талаптарына қосылуы және Қатысушы-сақтандыру ұйымының Сақтанушыға Сақтандыру полисін ресімдеуі. Шарт жасасу фактісін растайтын құжат болып табылатын, Шартты жасасу күні Сақтандыру полисіне Қатысушы-сақтандыру ұйымына қол қою немесе ресімдеу күні болып табылады. Бұл ретте, сақтандыру полисі «Сақтандыру полистерінің мазмұны мен ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген) сақтандыру полистерінің мазмұны мен ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын есептеу және Сақтанушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді, оның ішінде сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайларды қамтитын өтініші негіз болып табылады.

Сақтандыру шартын жасасу кезеңінде Сақтанушыға жіберілген сақтандырудағы өтініште немесе Сақтандырушының жазбаша сұрау салуында нақты келісілген мән-жайлар, оның ішінде денсаулық күйі және бар тәуекелдер туралы декларацияны қоса алғанда, сақтандыруға арналған өтініште көрсетілген мәліметтер немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзге де мән-жайлар елеулі деп танылады.

Шарт электрондық нысанда жасалған кезде Сақтанушы және Сақтанушы қайтыс болған жағдайда Пайда алушы және Қатысушы-сақтандыру ұйымы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-2-бабында айқындалады.

7. Сақтанушының және Пайда алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге, Қатысушы-сақтандыру ұйымының және оператордың сақтандыру құпиясын ашуға келісімі Сақтанушы сақтандыруға өтінішті ресімдеу кезінде Шарт жасасқанға дейін беріледі.

Қатысушы-сақтандыру ұйымы және оператор Сақтанушының және Пайда алушының дербес деректерін таратуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандырудың құпиясын ашуға жауапты болады.

8.Бастапқы білім беру капиталын есептеу Ереженің 37-тармағында көзделген жағдай туындаған кезде жүзеге асырылады.

9.Шарт бірыңғай тізілімде тіркелуге тиіс. Оператор Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының Заң және Шарт талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты Шартты бірыңғай тізілімде тіркеуден бас тартқан кезде, Шарт оператордың тіркеуден бас тарту туралы хабарламасын алған күннен бастап бұзылады, Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін Қатысушы-сақтандыру ұйымы Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қандай да бір комиссия алмай төлейді.

10.Сақтанушыдан сақтандыру туралы өтінішінде оның аурулары, мүгедектігі, кәсіптік тәуекелдері туралы ақпарат алған жағдайда Сақтандырушы андеррайтинг (тәуекелдерді бағалау) жүргізеді, содан кейін Сақтандырушы стандарттыдан өзгеше шарттармен Сақтандыру шартын жасасады не Сақтандыру шартын жасасудан бас тартады.

11.Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының сақтандыруға арналған өтініште және Ережеде көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

12.Егер Сақтанушы үнсіз қалған мән-жайлар жойылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұза алмайды.

13.Сақтандыру шарты кез келген топтағы мүгедектермен және келесі тұлғалармен жасалмайды:террористер тізбесінде көрсетілген, психикалық, ауыр неврологиялық аурулардан, онкологиялық аурулардан, қан айналымы жүйесінің ауыр ауруларынан, дәнекер тінінің жүйелі зақымдануынан зардап шегетіндермен, ЖИТС бар науқастармен және АИТВ-жұқтырғандармен, психоневрологиялық және / немесе наркологиялық диспансерлерде есепте тұрғандармен, түзеу-еңбек мекемелерінде қылмыстық қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан, тергеудегі ТИЗО-дағы адамдармен. Террористер тізбесінде көрсетілген адамдарды қоспағанда, аталған адамдарға қатысты жасалған шарт мұндай шарт жасалған кезден бастап жарамсыз болып табылады, ал Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақылары Сақтандырушы шеккен шығыстарды шегергенде қайтарылуға жатады.

Сақтандырылушы террористер тізбесімен сәйкес келген жағдайда сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.

14.Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш, сондай-ақ Сақтандыру шартына кез келген қосымшалар және Ережеде нақты айтылған өзге де құжаттар Сақтандыру шартын жасайды және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

5 тарау. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІ, САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ, САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ШАРТ БОЙЫНША САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫН) ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

15.Сақтандыру шарты және ол бойынша міндеттемелер Сақтандырушы мен Сақтанушы үшін Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші

сақтандыру жарнасы үшін міндетті болады және Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қолданылады.

16.Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді. Сақтандыру шарты кемінде үш жыл мерзімге жасалады. Сақтандыру шартының валютасы теңге болып табылады. Бір Пайда алушының пайдасына тек бір ғана сақтандыру шарты жасалады.

17.Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартымен айқындалады.

18.Сақтандыру аумағы: бүкіл әлем.

19.Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері шартта көрсетіледі. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасының мөлшеріне сақтандыру мерзіміне, жынысына, жасына, денсаулық күйіне және Сақтанушының бар тәуекелдеріне байланысты.

20.Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру жарналары түрінде біржолғы немесе бөліп-бөліп төленеді не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім алуға ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан Пайда алушының нысаналы жинақтарын төлеу есебінен төленеді.

21.Сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру сыйлықақысы) Сақтандырушының банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен (аударыммен) төленеді. Сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленуге тиіс.

22.Әрбір сақтандыру жарнасын Сақтанушы осындай сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы мерзімі өткен болып есептеледі.

23.Сақтанушы Сақтандырушыға өтініш беру арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін ұлғайту туралы мәселеге бастамашылық жасауға құқылы. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзгертуге келіскен кезде бұл өзгеріс Сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу немесе жаңартылған полис беру жолымен ресімделуге тиіс.

24.Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын ұлғайту туралы өтінішпен жүгінген кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартына өзгерістер енгізілгенге дейін Сақтандырылушыны медициналық тексеруге жіберуге және/немесе оның денсаулығының нақты жай-күйін айқындау, денсаулыққа байланысты емес бар тәуекелдерді бағалау және сақтандыру тәуекелінің жоғарылау дәрежесін анықтау мақсатында толтырылған сауалнама бланкісін сұратуға құқылы.

25.Сақтандыру жарнасын төлеуді немесе Сақтандырушының ағымдағы шотына аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.

6 тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

26. Сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) Сақтанушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі;
- 2) Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу;

3) Ереженің 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде болған қайтыс болуы.

27.Сақтандыру ережесінің 26-тармағының 3) тармақшасында көзделген Сақтандыру оқиғасы мыналардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен босатылады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімінің алғашқы екі жылында суицид;
- 2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 3) соғыс қимылдары;
- 4) азаматтық соғыс, халықтық толқулар, тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 5) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрі-дәрмектерді (медициналық куәландыру / сараптама жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде) қолдануды қоспағанда, этанолмен, алкогольмен, есірткі құралдармен немесе психотроптық заттармен улану;

6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің салдарынан;

7) Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заң актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыс немесе сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттерінің салдарынан;

28.Сақтандыру ережесінің 26-тармағының 2) тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы Ереженің 47-тармағында көзделген Қатысушы-сақтандыру ұйымына растайтын құжаттарды ұсына отырып, оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезеңге сақтандыру жарналарын төлеуден босатылады.

Сақтанушыға белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік (мүгедектікті оңалту) алынған сәттен бастап Сақтанушы шарт бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді қайта бастайды. Бұл ретте Шарт бойынша сақтандыру сомасы өзгеріссіз қалады.

7 тарау. МЕМЛЕКЕТ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ

29.Мемлекеттің сыйлықақысы бірыңғай тізілімде тіркелген Шарт бойынша жиырма жылдан аспайтын мерзімге есептеледі.

30.Мемлекет сыйлықақысын есептеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 бірлескен бұйрығымен және «Мемлекет сыйлығын есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бұйрығымен (бұдан әрі - мемлекет сыйлығын есептеу әдістемесі) бекітілген мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес жинақтаудың ең аз мерзімі бір жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдай бойынша Шарт бойынша жыл сайын есептік сомаға жүзеге асырылады.

Мемлекет сыйлықақысы Шарттың қолданылу мерзіміне есептеледі.

31.Заңның 11-1-бабының 16-тармағына сәйкес сатып алу сомасын бір қатысушы-сақтандыру ұйымынан басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына ауыстыру кезінде Шарт бойынша есептік сомаға мемлекет сыйлықақысын есептеу бастапқы Сақтандыру шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес қатысушы банктен қатысушы сақтандыру ұйымына білім беру жинақтау салымының (бұдан әрі-салым) сомасын аудару кезінде Шарт бойынша есептік сомаға мемлекет сыйлықақысын есептеу салымның бастапқы шартын жасасу күні ескеріле отырып жүргізіледі.

32.Мемлекет сыйлықақысы Заңның 13-бабында көзделген мөлшерде есептеледі және Шарт бойынша есеп айырысу сомасына қосылады.

33.Шарт бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру ережесінің 29-тармағында белгіленген есептеу мерзімі өткен жағдайда;
- 2) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда Сақтанушының Шартты автоматты түрде ұзартудан бас тарту туралы өтініші негізінде;
- 3) Пайда алушыны қайтыс болған, әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жарияланған сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап;
- 4) сақтандыру төлемі Заңның 11-1-бабы 11-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қызметін жүзеге асыратын шетелдік білім беру ұйымына аударылған сәттен бастап.

34.Мемлекеттің есептелген сыйлықақысы келесі жағдайларда бюджетке қайтарылуға жатады:

- 1) мемлекеттің есептелген сыйлықақысын ескере отырып, сатып алу сомасын басқа қатысушы-сақтандыру ұйымына аударуға байланысты шартты бұзған жағдайды қоспағанда, Заңда айқындалған нысаналы мақсатты сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған немесе Сақтанушының бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда;
- 2) Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымынан шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш жыл өткен жағдайда, егер осы үш жыл ішінде Пайда алушы оқудан шығарылған қатысушы-білім беру ұйымына қайта қабылданбаса не басқа қатысушы-білім беру ұйымына оқуға түспесе;
- 3) Пайда алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;
- 4) артық есептелген мемлекет сыйлықақысының фактісі анықталған жағдайда.

35.Мемлекет сыйлықақысын қайтару жүзеге асырылады:

- 1) Ереженің 34-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша толық көлемде;
- 2) Ереженің 34-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша білім беру қызметтеріне пайдаланылмаған сома бөлігінде мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес;
- 3) Ереженің 34-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша, артық есептелген мемлекет сыйлықақысының сомасы бөлігінде.

36.Сақтандыру төлемін сақтандыру шарттарынан немесе үшінші тұлғалардың салымдарынан аудару кезінде шартқа түскен мемлекеттің сыйлықақысы Ереженің 34-тармағында көзделген жағдайларда бюджетке қайтарылуға жатады.

8 тарау. БАСТАПҚЫ БІЛІМ БЕРУ КАПИТАЛЫН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ШАРТТАРЫ

37.Бастапқы білім беру капиталы есепті жылы бес жасқа толған Пайда алушыға бірыңғай тізілімде тіркелген Шарт бойынша ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен

бастапқы Білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларында көзделген мөлшерде есептеледі.

38. Сақтанушы бастапқы білім беру капиталын Шартқа қабылдаған күннен бастап және Пайда алушы қатысушы-білім беру ұйымына немесе шетелдік білім беру ұйымына қабылданғанға дейін не Пайда алушы он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын ең төменгі жарнаны енгізеді:

1) сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеумен сақтандыру шарттары бойынша және Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне ең төменгі жарна мөлшеріне қойылатын талаптарды сақтау үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасы жеткілікті болған жағдайда - ең төменгі жарна Сақтанушының қосымша төлеуіне жатпайды;

2) Қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтандыру шартының келесі жылға арналған ең төменгі жарна мөлшеріне қойылатын талаптарды орындау үшін төленген сақтандыру сыйлықақысы сомасының жеткіліксіздігін белгілеген кезде сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеумен сақтандыру шарттары бойынша - ең төменгі жарна жыл сайынғы ең төменгі жарнадан кем емес мөлшерде сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу арқылы Сақтанушының қосымша төлеуіне жатады.

Шарттың қолданысының есепті жылындағы ең төменгі жарна бойынша талаптар орындалмаған кезде Қатысушы-сақтандыру ұйымы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеу бөлігінде шартқа өзгерістер енгізу қажеттігі туралы хабарлайды.

39. Бастапқы білім беру капиталы Шарт бойынша есеп айырысу сомасына қосылады.

40. Есептелген бастапқы білім беру капиталы келесі жағдайларда қайтарылуға жатады:

1) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта айқындалған мөлшерде және мерзімдерде жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеу фактісін анықтау;

2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;

3) Заңның 11-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылушы - Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе нысаналы мақсатын сақтамай мерзімнің өтуіне байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тоқтатылған жағдайда Сақтанушының бастамасы бойынша шартты бұзу.

Бастапқы білім беру капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Сақтанушы төтенше жағдайдың қолданылу кезеңіндегі қызмет шектеулеріне байланысты табысынан айырылған, төтенше жағдай жарияланған, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген не ол қайтыс болған жағдайда жыл сайынғы ең төменгі жарнаны енгізбеген жағдайда қайтарылмайды.

41. Сақтандыру төлемдерін сақтандыру шарттарынан немесе үшінші тұлғалардың салымдарынан аудару кезінде шартқа түскен бастапқы білім беру капиталы Ереженің 40-тармағында көзделген жағдайларда операторға қайтарылуға жатады.

9 тарау. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

42. Қатысушы-сақтандыру ұйымы құқылы:

1) Сақтанушыдан Шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) сақтандыру төлемінен бас тартуға;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және қағидаларында көзделген негіздер бойынша;

Сақтандырылушы сақтандыру жағдайы болып табылмайтын себеппен қайтыс болған кезде;
Сақтанушы денсаулық күйі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған кезде;

егер Сақтандырылушымен болған оқиға шарт бойынша сақтандыру арқылы қорғанысы қолданылмаған кезеңде орын алса;

Қатысушы-сақтандыру ұйымына Сақтандырылушының қайтыс болу себебін растайтын және (немесе) Сақтандырылушының қайтыс болу себебін анықтамаған, оның ішінде жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші не оның өзінің көзі тірісінде берген жазбаша ерік білдіру негізінде патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізуден бас тартқан құжаттарды ұсынбаған кезде.

Ережелердің осы тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда қатысушы-Сақтандыру ұйымы мемлекеттің сыйлықақысын бюджетке, бастапқы білім беру капиталын (бар болса) операторға, есептелген нысаналы жинақтау төлемін (бар болса) уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына қайтара отырып, сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырады;

3) Ережелерде көрсетілген құжаттармен расталатын мәліметтерді тексеру үшін мемлекеттік базалардан электрондық мәліметтерді/ақпаратты пайдалануға құқылы.

43. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - Пайда алушы не оның заңды өкілі мыналарға құқылы:

1) Қатысушы-сақтандыру ұйымынан Шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) Шарт бойынша толық ақпарат алуға;

3) Шарт бойынша мемлекет сыйлықақысын алуға;

4) Ережелердің 37-тармағында көзделген жағдайда бастапқы білім беру капиталын алуға;

5) мемлекеттің есептелген сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) қоспағанда, сатып алу сомасын ала отырып, Шартты бұзуға;

6) Қатысушы-сақтандыру ұйымы заң талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және Қатысушы-сақтандыру ұйымының оператормен ынтымақтастығы туралы Келісім бұзылған кезде мемлекеттің есептелген сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын (бар болса), нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) ескере отырып, сатып алу сомасын кез келген басқа Қатысушы-сақтандыру ұйымына немесе қатысушы банкке аударуға;

7) бастапқы білім беру капиталы жоқ Пайда алушыға білім беру грантын беру кезінде немесе Пайда алушыда білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы кезінде:

нысаналы жинақтардың есептелген төлемін қоспағанда, мемлекеттің инвестициялық кірісі мен есептелген сыйлықақысы ескеріле отырып есептелген Шарт бойынша сақтандыру төлемін алу (бар болса);

Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту және басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге сақтандыру төлемін жіберуге;

нысаналы жинақтардың есептелген төлемін қоспағанда, сақтандыру шартын төлеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға мемлекеттің инвестициялық табысы мен сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін аударуға (бар болса);

нысаналы жинақтардың есептелген төлемін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық кірісті және мемлекеттің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға есептелген сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін аударуға (бар болса);

бұрын Шартқа есептелген нысаналы жинақтарды төлеу сомасының (бар болса) барлық сомасын немесе бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына өтініш бойынша аудару;

8) бастапқы білім беру капиталы бар Пайда алушыға білім беру грантын беру кезінде немесе Пайда алушыда білімі туралы тиісті құжатпен расталатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы кезінде:

қатысушы-білім беру ұйымының білім туралы құжатын не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында танылған шетелдік білім беру ұйымының білім туралы құжатын ұсынған жағдайда, нысаналы жинақтардың есептелген төлемін (бар болса) қоспағанда, инвестициялық кірісті, мемлекеттің есептелген сыйлықақысын, бастапқы білім беру капиталын ескере отырып есептелген Шарт бойынша сақтандыру төлемін алу;

Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту және басқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мақсатында білім беру қызметтеріне ақы төлеуге сақтандыру төлемін жіберуге;

нысаналы жинақтардың есептелген төлемін қоспағанда, сақтандыру шартын төлеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын үшінші тұлғаның пайдасына салымға мемлекеттің инвестициялық табысы мен сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін аударуға (бар болса);

нысаналы жинақтардың есептелген төлемін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық кірісті және мемлекеттің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға есептелген сыйлықақысын ескере отырып, Шарт бойынша сақтандыру төлемін аударуға (бар болса);

бұрын Шартқа есептелген нысаналы жинақтарды төлеу сомасының (бар болса) барлық сомасын немесе бір бөлігін уәкілетті операторда ашылған Пайда алушының банктік шотына өтініш бойынша аудару.

44. Қатысушы-сақтандыру ұйымы:

1) Пайда алушының Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ Пайда алушының пайдасына жасалған қолданыстағы сақтандыру шартының немесе Пайда алушы мен салымшы бір тұлға болып табылатын салым шартының болмауын тексереді;

2) Қатысушы-сақтандыру ұйымы заң талаптарына сәйкес келмейді деп танылған және Қатысушы-сақтандыру ұйымының оператормен ынтымақтастығы туралы Келісім бұзылған кезде сақтанушыны үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

3) сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) Шартта белгіленген мерзімде алмаған кезде сақтанушыға кезекті сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлайды. Сақтандыру

жарналарын төлеу қажеттілігі туралы хабарлама Сақтанушыға хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі;

4) мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы (бар болса), нысаналы жинақ төлемдері (бар болса) келіп түскен кезде оларды бес жұмыс күні ішінде Шартқа есептейді;

